

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 1 қарашадағы N 166 Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

"Республикалық бюджет комиссиясының құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 18, 206-құжат; 2006 ж., N 10, 88-құжат, N 50, 529-құжат; 2007 ж., N 2, 22-құжат, N 13, 146-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен белгіленген Республикалық бюджет комиссиясының құрамына:

Шөкеев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Өмірзақ Естайұлы орынбасары, төрағаның орынбасары
Комиссия мүшелері:

Бобров - Қазақстан Республикасы Парламентінің
Владимир Яковлевич Мәжілісі Экономикалық реформа және
өңірлік даму комитетінің төрағасы
(келісім бойынша),

Жолдасбаева - Қазақстан Республикасы Парламентінің
Нұрлығайым Шалданқызы Сенаты Экономикалық және өңірлік саясат
комитетінің төрайымы (келісім бойынша),

Қарақұсова - Қазақстан Республикасы Парламентінің
Гүлжан Жанпейісқызы Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің
төрайымы (келісім бойынша),

Сұлтанов - Қазақстан Республикасы Экономика және
Бақыт Тұрлыханұлы бюджеттік жоспарлау министрі;
болып енгізілсін;

"Өтебаев - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының

Мүсірәлі Смайылұлы Экономика, қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (келісім бойынша)",

"Сапарбаев - Қазақстан Республикасының Экономика және Бердібек Машбекұлы бюджеттік жоспарлау вице-министрі"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтебаев - Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Мүсірәлі Смайылұлы Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (келісім бойынша)",

"Сапарбаев - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты Бердібек Машбекұлы әлеуметтік қорғау министрі";

көрсетілген Комиссияның құрамынан А.Е.Мусин, В.В.Супрун, И.Д.Меркель, К.Ә.Сағадиев, В.Н.Сухорукова шығарылсын.

Қ а з а қ с т а н
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң